

на Т.Сайрамбаев зерттеулерінде кеңінен түсінік берілген. Парцелляция жеке сөзді, сөз тіркесті, сөйлемді болып, өзі қатысты сөйлемнің, біріншіден, айрылмас бір бөлшегі іспеттес, екіншіден, мағыналық жағынан тиянақтаушы, үшіншіден, сөйлемнің өн бойына, не жеке бір мүшесіне қатыстылығы, төртіншіден, өзіне қатысты сөздермен әдеттегі айқындауыштар сияқты тұлғалық жағынан кейде ұқсас, кейде ұқсас еместігімен де ерекшеленеді. Бұған қарағанда, ондай синтаксистік топтар қалайда өзі қатысты сөйлемнің ажырамас бір бөлігі, айқындауышы тәрізді, олар өз алдына жеке қолданылмайды, алдыңғы сөйлемнен бөліне алмайтын синтаксистік қосалқы топтар. Олардың үш түрлі тұлғада жұмсалатынын тілдік деректер дәлелдейді. Сондықтан парцелляция сөз тіркесі, сөйлем мүшесі және сөйлемдік жағынан топтастырылады. Қазіргі әдеби тіліміздің материалдарына қарағанда, парцелляция мәселесі тілімізге толық енді деп айта аламыз [8:229-230].

Профессор Т.Сайрамбаевтың зерттеулері қазақ тіл білімінің бүгінгі дамуы мен оның өзекті мәселелерін шешуде ғылыми-теориялық құндылығын жоймайды. Біз жоғарыда ғалым зерттеулеріне арқау болған қазақ тілі синтаксисінің кейбір мәселелеріне ғана тоқ-

талдық. Әрине, бір мақала деңгейінде ғалым зерттеулерінің нәтижелері туралы толыққанды талдау жасау мүмкін емес. Ғалымның еңбектері қазақ тілі синтаксисінің теориялық бағыт-бағдарын анықтауда бағдарламалық мәні бар, қазіргі синтаксистің өзекті мәселелерін шешуде баға жетпес мұра. Ендеше, ғалымның қазақ тілі синтаксисінің қалыптасуына сіңірген еңбегінің мәнін ашу, ғылымдағы ұстанымдарын айқындап, жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тіл білімінде қалыптасқан теориялық тұжырымдармен салыстыра зерттеу, сөйтіп, ғалым мұрасына лайықты баға беру болашақтың еншісі.

1. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 168 б.
2. Сайрамбаев Т. Есім пысықтауыш. – Алматы: Санат, 1976. – 48 б.
3. Сайрамбаев Т., Өмірбекова Р. Анықтауыш, оның кейбір жасалу жолдары. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. – 41 б.
4. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Санат, 1997. – 286 б.
5. Ардентов Б.П. Номинативные предложения в современном русском языке. – Кишинев, 1959. – 211 с.
6. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991. – 186 б.
7. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
8. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Санат, 2003. – 240 б.

А. С. Елеуова

НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ СИНТАКСИСА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В ИССЛЕДОВАНИЯХ ПРОФЕССОРА Т.САЙРАМБАЕВА

В статье анализируются научно-теоретические основы синтаксиса казахского языка в исследованиях профессора Т.Сайрамбаева.

A. S. Eleuova

SCIENTIFIC AND THEORETICAL BASIS OF THE SYNTAX OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE RESEARCH OF PROFESSOR T.SAYRAMBAEV

The article examines the scientific and theoretical basis of the Kazakh language syntax in the research of Professor T.Sayrambaev.

М. М. Төлеуп,

Алматы энергетика және байланыс университеті, e-mail: mira-abay@mail.ru

Т. САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ МЕН СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Профессор Талғат Сайрамбаевты қазақ тілі синтаксисінің күрделі мәселелерін терең де, жан-жақты зерттеп, XX ғасырдағы қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан ірі ғалым ретінде танимыз. Ғалымның

еңбектері ғалымдар мен ізденушілерден бастап, студенттер мен оқушыларға қазақ тіл білімінен академиялық білім беру құралы ретінде жемісті пайдаланылып жүргені белгілі.

Енді қазақ синтаксисі мәселелерін, оның ішінде, сөз тіркесі мен сөйлемдерге қатысты мәселелерді шешіп, оларды бір жүйеге түсіріп, қазақ тіл білімінде өзіндік із қалдырған ғалымның еңбектерін зерделеп, бағалайтын кез келген сияқты.

Профессор М. Балақаевтың шәкірті Т.Сайрамбаев ұстазының жолын жалғастырып, ұстазы қалдырған мол мұраны игеріп, қазақ синтаксисіндегі өзекті мәселелерді анықтап, оларды зерттеу жолында көп еңбек атқарды. Ол еңбектерінің нәтижелері ғалымның өзі жазған көптеген оқулықтары мен ғылыми еңбектері және ол кісінің жетекшілігімен шәкірттері зерттеген ғылыми еңбектер түрінде басылып шықты.

Біздің мақаламыздың мақсаты – ғалымның сүбелі еңбектерінің ішіндегі синтаксис мәселесіне қатысты бір-екі еңбегіне тоқталып, оларды саралап, талдау.

Ұстаздың жоғары оқу орындарының студенттері мен мұғалімдеріне арналған «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» атты еңбегінде бұған дейін қазақ тіл білімінде сан алуан пікір тудырып келген сөз тіркесі мен сөйлем мәселелерін түбегейлі зерттеп, жүйелеп, олардың айырмашылығын көрсетіп, сөз тіркестерінің негізгі белгілерін ажыратып, қазақ тілінің аталған мәселелерін бір жолға сала білген.

Ғалым аталған еңбегінде кез келген сөздер сөз тіркесін құрау үшін олардың қалыптасқан семантикалық мазмұны үлкен рөл атқаратынын, яғни басыңқының семантикасының бағыныңқы мүшенің мағынасына сай келуі шарт екенін атап көрсете келіп, басыңқы мен бағыныңқы мағыналық байланыста бола отырып, бір-бірімен әрі грамматикалық, әрі интонациялық жағынан байланысатынын, яғни грамматикалық тәсілге түрлі қосымшалар арқылы байланыс тән болса, интонация үшін сөйлемдегі сөздердің табиғи орын тәртібі қажет деген түйін жасайды.

Сөз тіркестерінің құрылысына қатысты оларды жай және күрделі сөз тіркесі деп бөліп, жай сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі сөзден құралатынын, күрделі сөз тіркесінің құралуы әртүрлі болып келетінін, бірде басыңқы мүше, бірде бағыныңқы мүше күрделі болатынын және сөз тіркестерінің әрбір сыңарының күрделі болуы да мүмкін екенін айтады [1:20].

Күрделі мүшелер: күрделі анықтауыш, күрделі пысықтауыш немесе күрделі толық-

тауыштар өзара сөз тіркесін құрай ала ма; қосарлы сөздер, негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер, күрделі сан есімдер, негізгі сөздер мен шылаулар, біріккен сөздер, қысқарған сөздер, есім мен көмекші етістіктер, фразалық тіркестер сөз тіркесін құрай ала ма деген сұрақтарға күрделі сөз бен сөз тіркесінің айырмашылығын айқындау арқылы: күрделі сөз – сөз жасаудың бір түрі, оның әрбір сыңары бір-бірімен *тығыз мағыналық байланыста* болады, күрделі сөздің әрбір сыңарында жеке-жеке мағына болуы да, болмауы да мүмкін, жеке-жеке мағынасы болғанымен, *тұтас сөздің мағынасы сыңарларының мағынасынан гөрі күңгірттеу* болады, күрделі сөздің әрбір сыңарына жеке сұрақ қойылмайды, екеуіне бір-ақ сұрақ қойылады, күрделі сөздің әрбір сыңарының орны жылжымалы емес, тұрақты, күрделі сөз *тұтасымен* морфологиялық өзгеріске ұшырайды, *тұтасымен* басқа сөзбен синтаксистік байланысқа түседі; ал сөз тіркесі – синтаксистік категория, оның сыңарлары бір-бірімен *синтаксистік байланыста* болады, сөз тіркесінің әрбір сыңарының *мағынасы айқын болады*, оның әрбір сыңары *дербес* сұраққа жауап береді, сөз тіркесінің *әрбір сыңары* түрлі морфологиялық өзгеріске ұшырайды және сөз тіркесінің әрбір сыңары *жеке синтаксистік байланыста* жұмсалады деп, дәлелді, тиянақты жауап береді [1:31].

Осы еңбектің екінші тарауында күрделі сөз тіркесінің құрылымдық түрлеріне тоқталып: есімді күрделі сөз тіркестері, оның ішінде зат есімді, сын есімді, сан есімді, шылаулар қатысты, етістікті, есімшелі күрделі сөз тіркестерін жеке-жеке талдап; сөз тіркестерінің байланысу тәсілдеріне тоқталып, олардың сөйлемдегі қызметтерін саралайды.

Т.Сайрамбаев бұл еңбегін М. Балақаев, Т. Қордабаев, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Ы. Маманов, К.Аханов, М.Томанов, М. Серғалиев, Ә. Хайдаров, Ә. Әбілқайып, З.И. Будагова, В.В. Виноградов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, А.М. Пешковский, Е.И. Убрятова, т.б. көптеген белді-белді орыс, түркі және қазақ тілші-ғалымдарының пікірлерін келтіре отырып, олардың көзқарастарын қолдау-қолдамау себептерін көрсете отырып, мол мысалдармен дәлелдеп жазған.

Проф. Т.Сайрамбаевтың «Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі» атты оқу құралында автор сөз тіркесінің тарихына тоқталып, Н.З.Гаджиева, А.М.Щербак, А.Ысқақов,

М.Томанов, т.б. тілші-ғалымдардың пікірлерін ой елегінен өткізіп, өз қорытындысын жасайды. Байланысу тәсілдерінің ішкі ерекшеліктеріне тоқталады: синтетикалық тәсілдің төрт жалғаудың қатысы арқылы жүзеге асатынын, септік және көптік жалғауларының сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарына қатысты болатынын және сөз бен сөзді байланыстыруда жұрнақтардың да рөлі ерекше екенін дәлелдей келіп, бірақ жұрнақтар арқылы байланысу жалғаулар арқылы байланысудай активті емес екенін атап көрсетеді және қазақ тіліндегі синтетикалық байланысу тәсілдерінің осы ерекшелігін ескеріп, оны қосымшалар арқылы байланысу деп атауды жөн көреміз деп қорытындылайды.

Сөздердің байланысуының аналитикалық тәсіліне көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы байланысуды жатқызады. Ал аналитикалық-синтетикалық байланысу тәртібі шылаулар, көмекші есімдер, көмекші етістіктер, модаль сөздер арқылы байланысуды қамтитынын дәлелдейді.

Оқу құралының жаңа тіркесімділік туралы бөлімінде еліміздегі сыртқы әсер мен ішкі даму үдерісінде жыл сайын жаңа мамандықтар түрлерінің пайда болуына байланысты сол салаларға қатысты жаңа зат, құбылыс, ұғым, іс-әрекеттердің атаулары, яғни кәсіби сипаттағы жаңа терминдер мен терминдік топтардың тілімізге көптеп еніп жатқандығын айта келіп, оларды: компьютер, ЭЕМ, физика, техника, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік сала, т.б. деп, сала-салаға бөліп және лингвистикалық терминдерді де ұмытпай, ол атаулардың байланысу тәсілдерін зерттеп, қорытындылайды [2:41,42].

Келесі тарауларда шартты рай, оның синтаксистік ерекшеліктері, оның сөйлемде қандай мүше қызметінде қолданылатынына және пысықтауыштардың түрлеріне тоқталып, олардың мағынасын анықтайды, оларды функционалдық синтаксис тұрғысынан зерттейді.

Ғалым тілдегі экономия, байланысу формаларының бір-біріне ауысу үдерісін де зерттейді. Бұл мәселе қабысудың қиысуға, қабысудың матасуға ауысу, қабысудың меңгеруге,

меңгерудің қиысу ауысу және бір сөйлем мүшесінің екінші сөйлем мүшесіне ауысуы, қазақ тіліндегі салт-сабақты етістіктердің меңгерілуі дәлелденген бөлімдерде қарастырылады.

Проф. Т.Сайрамбаевтың «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері» атты еңбегінде сөйлемнің негізгі белгілері ажыратылып көрсетіліп, шақ, жақ, рай, модальдылық категориялары зерттеледі.

Осы еңбектің I тарауында автор сөйлем мүшелерінің теориялық мәселелерін дәлелдеп, оның қорытындысы ретінде «сөйлем мүшесі деп сөйлемде бірнеше сөздер тобының басқа сөздермен синтаксистік қатынастар арқылы арнайы бір сұраққа жауап беріп, грамматикалық мағынаға ие болатын түрін айтамыз» деген анықтама береді [3:13].

II тарауда грамматикалық, логикалық бастауыш деген ұғымдарға түсінік беріледі, бастауыштың жасалу жолдары көрсетіліп, сөз таптарының бастауыш қызметінде жұмсалуды, баяндауыштық тұлға ретінде қандай сөздер қолданылатыны, баяндауыштың жасалу жолдары, түрлері, етістікті, есімді баяндауыш, үстеудің, еліктеуіш сөздердің, модаль сөздердің, *бар*, *жоқ* сөздерінің, көмекші сөздердің баяндауыш қызметінде жұмсалу ерекшеліктері, құрама баяндауыштар жан-жақты зерттеледі.

Т. Сайрамбаев өз еңбектерінде тіл білімінің қомақты саласының бірі синтаксистің, оның ішінде қазіргі қазақ тілі синтаксисінің өзекті мәселелерін дөп тауып, синтаксис теориясы мәселелерінің негізі қалануына, филология ғылымының осы саласының жекелеген тарауларының қыр-сырының толық та, жан-жақты зерттелуіне сыни ғылыми көзқараспен қарап, өзекті мәселелерді дәйекті түрде негіздеп, нақты мысалдармен, теориялық фактілермен дәлелдеп, өз анықтамаларын береді.

1. Т. Сайрамбаев. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері (Жоғары оқу орындарының студенттері мен ұстаздарына арналған). –Алматы: Мектеп, 1981. – 197 б.

2. Т.Сайрамбаев. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. –Алматы: Рауан, 1991. -174 б.

3. Т.Сайрамбаев. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. -167 б.

Толеуп Мейиримгуль

ИССЛЕДОВАНИЯ Т. САЙРАМБАЕВА ПРО СИНТАКСИС СЛОВСОЧЕТАНИИ И ПРЕДЛОЖЕНИИ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье анализируются труды выдающегося ученого-лингвиста профессора Т. Сайрамбаева, посвященные синтаксису словосочетания, простого и сложного предложения в современном казахском языке. В работах ученого рассматриваются важнейшие теоретические вопросы данного лингвистического направления. При исследовании

спорных вопросов казахского синтаксиса профессор Т. Сайрамбаев особое внимание уделяет структурным схемам и семантическим и функциональным особенностям синтаксических единиц. Опираясь на свои исследования, он дает определения синтаксическим терминам.

Toleup Meyirimgul

STUDIES OF T. SAYRAMBAEV ABOUT SYNTAX OF PHRASES AND SENTENCES IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

The article analyzes the scientific works of the outstanding linguist professor T. Sairambayev which are dedicated to the syntax of phrases, simple and complex sentences in the modern Kazakh language. The papers of the scientist examine the most important theoretical issues of the given linguistic stream. While researching disputable issues of the Kazakh syntax, Professor T. Sairambayev pays special attention to structural schemes, semantic and functional features of syntactic units. According to his own researches the linguist gives definitions to syntactic terms.

Г. Жылқыбай

А.Ясауи атындағы ХКТУ доценті, ф.ғ.к.

Т.САЙРАМБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗ ТІРКЕСІ ТЕОРИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Қазақ тіл білімінде кенжерек дамыған сала ретінде саналатын сөз тіркесі жөніндегі зерттеулер қазіргі шақта едәуір биікке көтерілді деуге болады. Жалпы сөз тіркесінің жүйелі қарастырылуына бірталай елеулі еңбек еткендердің басында С.Аманжолов, Р.Әміров, Ә.Аблақов, М.Серғалиев, М.Балақаев, Т.Сайрамбаев, Е.И.Убрятова, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, Қ.Басымов сияқты тілші ғалымдардың тұрғандығы сөзсіз.

Дегенмен түркі тілдеріндегі сөз тіркестері жөніндегі ең алғашқы таза теориялық туынды профессор М.Балақаевтың еңбегінен басталған болатын. Олай деуіміздің себебі, ғалымның 1954 жылы шыққан «Қазіргі қазақ тілі» деген кітапқа енген «Сөз тіркесі» бөліміндегі мақаласы мен 1957 жылы жарық көрген «Основные типы словосочетаний в казахском языке» еңбегіне дейінгі зерттеулердің «тек мектеп грамматикаларының көлемінде айтылып келгендігін», «онда да сөз тіркесіне толық анықтама беріп, оның түрлі жақтарын егжей-тегжейіне дейін зерттеген ешкім болмағандығын» оның ізбасар шәкірті Т.Сайрамбаев өз еңбегінде атап өтеді.

Ғылымға ең алғашқы қадамын сөз тіркестеріне байланысты ғылыми мақаласымен бастап, тіл білімінің синтаксис саласына жарты ғасырлық ғұмырын арнаған ф.ғ.д., профессор Т.Сайрамбаевтың елеулі еңбектерінің мол бөлігінің жетекшісі М.Балақаев қағидаларынан бастау алатындығымен қоса онымен үндес

екендігін байқау қиын емес. Мәселен, «Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі сөз тіркестері» атты монографиясын негізге алсақ болады. Аталған еңбекте автор М.Балақаев пен т.б. ғалымдарының зерттеулерінен тыс қалған, тіпті түркі тілдері бойынша еш сөз болмаған мәселелер жөнінде алғаш зерттеу жүргізген болатын және бұл дүниелердің орнын баса алатын еңбектердің қазірде жоқтығын сеніп айта аламыз.

Қазақ тіліндегі сөз тіркесі саласы туралы XX ғасырдың 20 жылдарынан кейін сөз қозғала бастағанымен, жалпы тіл білімі бойынша XIX ғасырдың басында пайда болған қисындық бағыт өкілдерімен байланысты. Сол ғасырдың орта кезеңіне дейін беделін жоғалтпаған бұл бағыттың әр түрлі ойлары кейінгі зерттеушілер тарапынан қате деп табылғанымен, сөз тіркесін сөйлеммен қатар синтаксистің қарамағында қарау қағидасы жоққа шығарылмайтын мәселе болып қала берді. Олар синтаксистік ұғымдарды формалды логиканың мүддесі тұрғысында, соған тәуелді мәнде қарады, синтаксистің міндеті логикалық категориялардың тілдегі баламасын айқындау деп түсінді. Сөйлемге болсын, оның мүшелеріне болсын анықтама беруде бірден-бір сүйеніш – қисын заңы деп білді. Сөйлем – қисындық пайымдаудың көрсеткіші, ол екі мүшелі ғана болады: оның бірі – субъект, екіншісі – предикат. Бұл екі категорияның тілдегі көрсеткіштері – бастауыш пен баяндауыш дегенді